

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"  
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына  
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 шілдедегі № 539 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"  
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына  
мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 508-143) және 508-144) тармақшалармен  
толықтырылсын:

"508-143) ауыл шаруашылығы саласында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл  
бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады және шаралар қабылдайды;

508-144) өз құзыреті шегінде өндіріс шарттарын, өндірістік және технологиялық  
операцияларды әзірлеуге қатысады;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*